

ӘОЖ 338.38

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА ТУРИСІК САЯХАТ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ
ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Абдрахманова Жанбота Багдатовна

azhb00@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» мамандығының 2 курс студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, магистр Мукатова Р.А.

Бос уақыт немесе демалыс – қызмет сипатын өзгертудегі адами қажеттілік негізінде, сондай-ақ рекреация және әлеуметтік-мәдени даму мақсаттарымен дамиды, бос уақытында адамдардың немесе нақты адамның үлкен топтарының ұйымдастырылған және мазмұны жағынан толымды белсенділігі. Бұл қызметтің түрлерін адам өз бетінше таңдайды, мәдени дамудың жеке қалаулары, мүмкіндіктері мен деңгейіне сүйене отырып, сондай-ақ салт-дәстүрлерді, моданы, қоршаған адамдардың әсерін ескере отырып дербес таңдайды [1].

Демалыс адамның жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіреді, жүйке жүйесіне және психологиясына тиетін қысымды бәсеңдетеді, ал ауыр жұмыспен айналысатын адамдардың физикалық қысымын азайтады. Н.С. Мироненко мен И.Т. Твердохлебовтың айтуынша, демалыс – бұл күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталмаған қандайда бір болмасын адамның іс-әрекеті [2].

Ежелгі заманның әр кезеңінде демалыс сөзі әр қилы болған. Мысалы, алғашында бос уақыт деген түсінік мүлде болмаған, жәнеде қазіргі заманға сай демалыс (аң аулау, терімшілік) жай ғана өмір сүру болып табылатын.

Осы анықтамаға сүйене отырып, демалыс немесе бос уақытты адам жеке өзі ғана таңдайды. Дегенмен адам психологиясы оңай емес, сол себептен әр адамның талғамы ерекше. Адамдар өз бос уақытын пайдалы өткізу мақсатында әр түрлі демалыс орталықтары салына бастады. Бұл орталықтар адамның қандайда бір рекреациялық қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған. Жәнеде осындай орталықтар енді салына бастағанда ол барлығына қызық болды, алайда қазір бәсекелестік өте көп. Әр қызмет көрсететін орталық өзінің туристік тартымдылығы жайлы ойлау қажет.

Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстанның елордасы, сол себептен қалада туристік тартымдылығы өте жоғары демалыс орталықтары бар. Бұл орталықтардың тартымдылығын ұлғайтуға мүмкіндіктер жеткілікті.

Нұр-Сұлтан қаласының демалыс орталықтарының жалпы жағдайы қазіргі уақытта өте жоғары деп есептеуге болады. Қазақстанның барлық өңірлерінен адамдар Нұр-Сұлтан қаласына оның көрікті жерлерін көруге келеді.

Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы бойынша жеке кластерге енді. «Астана – Еуразия жүрегі» – бұл Нұр-Сұлтан қаласы негізіндегі туристік кластер. Елорданың туристік қызығушылығының маңызды элементтері көрсетілген (кесте 1). Нұр-Сұлтан қаласы еліміздің саяси, әкімшілік, іскерлік және мәдени орталығы болып табылады. Осы кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдер ол MICE-туризм және қысқа мерзімді демалыс [3].

Кесте 1. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы бойынша «Астана – Еуразия жүрегі» кластеріндегі туристік қызығушылықтың маңызды элементтері.

№	Объект	Сипаттамасы
1	«Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің объектілері	Үлкен аумақтағы бірнеше павильон сәулет өнерінің ерекше пішінімен салынған. Дәл ортасында шар тәрізді Қазақстанның «Нұр әлемі» павильоны орналастырылды.
2	Астана-Бәйтерек монументі	Нұр-Сұлтан қаласындағы сәулет құрылыс кешені, сәулет өнерінің бірегей туындысы. Әлемде бірінші рет диаметрі 22 метрлік және салмағы 300 тоннадан тұратын шар.
3	«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры	«Астана Опера» – тікелей Елбасының бастамасымен бой көтерген театр. Бас сахнасының көлемі – 935 шаршы метр.

4	«Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы	Бір шатырдың астында әлем деңгейіндегі ойын-сауық және сауда-саттықты біріктірген, алғашқы лайфстайл-орталық болып саналады.
5	«Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені	Елордамыздың ең көрікті орындарының бірі. Картада 14 облыс пен 2 республикалық маңызы бар қала – Нұр-Сұлтан мен Алматы орналасқан.
6	Әзірет Сұлтан мешіті	Нұр-Сұлтан қаласындағы орналасқан мешіт. Рухани орын 13 га. жерді алып жатқан аумақта орналасқан, мешіттің жалпы аумағы 17, 7 мың шаршы метрді құрайды.
7	Қазақстан Республикасының ұлттық музейі	Нұр-Сұлтан қаласында Тәуелсіздік алаңында орналасқан 2014 жылы 2 шілдеде ашылған мұражай . «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде табылған көптеген құнды дүниелер музейдің баға жетпес қорын құрайды.
8	«Мәңгілік ел» триумфалды аркасы	Қақпаның биіктігі – 21,5 метр, ені – 13 метр. Әр жақтың астыңғы жағында биіктігі 4,4 метрді құрайтын көлемді мүсіндер орналастырылған.

Көрсетілген кесте (кесте 1) бойынша, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша туристерге арналған маршрут ұсынғым келеді. Бұл маршрут қаладағы туристік қызығушылықтың маңызды элементтерін қамтитын болады.

Туристік маршруттың тақырыбы: Евразия жүрегі

Туристік маршруттың мақсаты: Қазақстан Елордасының демалыс орталықтарның туристік тартымдылығын арттыру.

Маршрут барысындағы туристік объектілер: «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің объектілері, «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы, Астана-Бәйтерек монументі, «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені, Әзірет Сұлтан мешіті, Қазақстан Республикасының ұлттық музейі, «Мәңгілік ел» триумфалды аркасы, «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, Бейбітшілік және Келісім сарайы.

Туристік маршрут ұзақтығы: 3 күн

Туристік маршрутқа қатысушы адам саны: 10

Туристік маршрут транспорты: 14 адамға арналған Toyota Hiace микроавтобусы (2000 тг/сағ)

Туристік маршрут басталады және аяқталады: Нұр-Сұлтан қаласы, «Қазақ Елі» мемориалды кешені

Туристік маршрутқа кететін орташа ақы: 104 000тг

Әр адамнан орта есеппен кететін ақы: 10 400тг

1-ші күн

10:00 - «Қазақ Елі» мемориалды кешенінің алдында кездесу

11:00 - «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы

13:00 - Түскі ас

14:30 - «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры

16:00 - «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің объектілері

18:00 - «Қазақ Елі» мемориалды кешенінің алдына оралу

2-ші күн

10:00 - «Қазақ Елі» мемориалды кешенінің алдында кездесу

11:00 - «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені


13:00 - Түскі ас

14:00 - Астана-Бәйтерек монументі
 15:30 - «Мәңгілік ел» триумфалды аркасы
 18:00 - «Қазақ Елі» мемориалды кешенінің алдына оралу

3-ші күн


10:00 - «Қазақ Елі» мемориалды кешенінің алдында кездесу
 11:00 - Бейбітшілік және Келісім сарайы
 13:00 - Түскі ас
 14:00 - Әзірет Сұлтан мешіті
 15:30 - Қазақстан Республикасының ұлттық музейі
 18:00 - «Қазақ Елі» мемориалды кешенінің алдына оралу

Келесі назар аударарлық зат, ол Нұр-Сұлтан қаласының ішкі және келу туризмі бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны, туристердің белсенділігі. Сол себепті, статистикалық ақпаратқа сүйене отырып, төмендегідей талдау жүргізуге болады (сурет 1, 2).



Сурет 1. Нұр-Сұлтан қаласы ішкі туризм бойынша (резиденттер) 2010-2018 жылдар аралығында орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер (қаңтар-қыркүйек)

Көрсетілген ақпарат бойынша (сурет 1) қала тұрғындарына көрсетілген қызмет 2015 жылға дейін тұрақты өсіп отырған, 2016 жылы «EXPO-2017» көрмесінің қарсаңында төмендеген. Алайда, көрме өткен жылы алдыңғы жылдарға қарағанда әлдеқайда көп өскен.



Сурет 2. Нұр-Сұлтан қаласы келу туризмі бойынша (резиденттер емес) 2010-2018 жылдар аралығында орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер (қаңтар-қыркүйек)

Статистикаға жүгінсек, 2010-2015 жылдар аралығында, қалыпты жағдай, тұрақты өсім байқалады. 2015 жылға қарағанда 2016 жылы келушілер саны 1,2 есе, ал 2017 «EXPO-

2017» көрмесі өткен жылы 2 есе өскен. Бірақ көрмеден кейін келушілердің саны қайта өз қалпына оралды. Нұр-Сұлтан қаласының туристік тартымдылығы басқа қалаларға қарағанда жоғары болғанымен, мәселе жоқ деп айтуға болмайды. Демалыс орталықтарының тартымдылығының дамуына кедергі қазіргі кезде менің ойымша, төрт нақты мәселе бар. Біріншіден, бағаны көтеру мәселесі. Нұр-Сұлтан қаласында туристік инфрақұрылымды дамыту деңгейі өте төмен болғанға қарамастан баға тым жоғары. Бағалар әрдайым сервиске сәйкес келуі тиіс. Екіншіден, қызмет көрсету деңгейі. Мекеменің тартымдылығын арттырудың бірден бір маңызды бөлігі, ол сапалы қызмет көрсету. Жақсы көңіл күй әрдайым тартымды көрінеді. Үшіншіден, ішкі және сыртқы безендіру. Адам көзбен жақсы көреді, сол себептен көзі қызықты және ерекше затқа түссе, сол жерге баруды жөн көреді. Төртінші мәселе ол инновациялардың жоқтығы. Нұр-Сұлтан қаласының көптеген демалыс мекемелері, әсіресе оң жақ жағалаудағы, біркелкі болып келген. Төртбұрышты ғимараттар қазір қызық емес. Әр мекемеде сауда-саттықтан басқа ойын-сауықта болуы керек. Дегенмен, бұл мәселелер жаһандық емес, және оларды шешуге әбден болады. Мысалы, кадр таңдау кезі, жұмысқа алу барысы барлық талаптарға сай жүргізіліп, білікті әрі идеяларға толы мамандарды қабылдау өте дұрыс. Мекемелерді безендіруде, шетелдік стильдерден гөрі ұлттық нақышта әрлеу. Ерекше ұлттық заттарымызды көрсету арқылы, туристерді шақыру. Ол үшін ғимарат сәулетін жасау үшін басқа елдерден шетелдік сәулетшілерді шақыртпай, өз ұлтымыздың жас әрі талантты сәулетшілерінің көмегіне жүгіну керек. Қызмет көрсету деңгейіне ең алдымен көп көңіл бөлінсе, ол жақсы қадағаланса, көпке жетуге болады. Қызмет көрсету жоғары деңгейде болса, оның бағасы маңызды емес болады. Инновация енгізу бойынша, идеялары бар қарапайым адамдарды тарту қажет. Сауалнама жүргізіп, сол арқылы белгілі бір шешімдерге келу керек.

Нұр-Сұлтан қаласының демалыс орталықтарының тартымдылығын арттыру мақсатында келесі ұсыныстарды келтіруге болады:

1) Үлкен мекемелерге, пианиноның дыбыстарын шығаратын баспалдақтар. Бұндай баспалдақтар, адамдарға әрдайым қызықты болады, себебі әр кезде әр түрлі дыбыс болады. Жәнеде осындай баспалдақтар арқылы адамдар лифт көмегіне көп жүгінбейді.

2) Анимациялық бағдарламалар мен жеңілдіктерді көбейту. Жеңілдік немесе әр түрлі конкурстар бар жерде әрдайым қызығушылық болады.

3) Көгалдандыру. Жасыл желек әр кезде көз тартады, тыныштықтың әсерін береді.

4) Жазғы кезеңде, адамдарды сергіткіш жерасты фонтандары. Жерден арқылайтын фонтандар, жай фонтандарға қарағанда қызығырақ және әдемі көрініс береді.

5) Вертуалды шындық. Бұл Нұр-Сұлтан қаласында бар, бірақ көп емес. Және тек қана ойын-сауық ретінде. Вертуалды шындықты танымдық немесе сауықтыру мақсаттарында да кеңінен қолдануға болады. Жарнама жақсы болса, барлық жастағы адамдарда қызығушылық туады.

Нұр-Сұлтан бүгінгі күні өткір дамуда. Қаланың демалыс орталықтарының тартымдылығы өте жақсы деңгейде, дегенмен оны одан әрі арттыру артық болмайды. Елорданың бар сымбат ғимараттарын жекелей алғанда бір бірлерін көркемдікте асып тұр. Нұр-Сұлтан қаласының сөз толтырып айтатын жерлері сансыз екені мәлім. Өйткені, сұлу орданың ел тамашалай, қызықтап бақылайтын жері сансыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лекции. Орг - публикация материала для обучения [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://lektsii.org/10-59396.html>

2. Алиева Ж.Н. Туризмология негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 172 б.

3. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000406>